



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

BULLETIN

PHILOLOGY SERIES

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК КазНУ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

Алматы

№1 (135)

2012

1992 жылдың 22 сәуірінен бастап
шыға бастады

Тіркелу күәлігі № 766

Редакциялық алқа:

Әбдезұлы Қ.

(ғылыми редактор),

Әбдиманұлы Ө.

(ғылыми редактордың

орынбасары),

Зуева Н. Ю. (жауапты хатшы),

Әбішева У.К., Алтынбекова О.Б.,

Жолдасбекова Б.Ө., Есімова Ж.Д.,

Күркебаев К., Сағындық Н.Б.,

Таева Р.М., Темірболат А.

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

№ 1 (135)

Шығарылымға жауапты
С. М. Иманқұлова

ИБ № 5718

Басылуға 20.02.2012 жылы қол қойылды.
Пішімі 70x110 1/16. Көлемі 29,66 б.т. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Тапсырыс № 291.
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2012

МАЗМҰНЫ

Бұл басылым профессор Талғат Сайрамбайұлы Сайрамбаевқа арналады

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒАЛЫМ ТҮЛҒАСЫ:

ПРОФЕССОР Т. САЙРАМБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМДАҒЫ ІЗІ

Өмірзақ Айтбайұлы. ПРОФЕССОР ТАЛҒАТ САЙРАМБАЙҰЛЫ САЙРАМБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ.....	3
Сайрамбаев Т. ТІЛШІ-ҒАЛЫМ МӘУЛЕН БАЛАҚАЕВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ, ҮСТАЗДЫҚ ҚЫРЛАРЫ ХАҚЫНДА	5
Ф.ғ.д., профессор Т. Сайрамбаев. ҮСТАЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ	7
Ф.ғ.д., профессор Т. Сайрамбаев. ТҮЛҒА. ЖАР. АНА	11
Шаймерденова Г. АСЫЛ МҰРАТ ЖОЛЫНДА	13
Салқынбай А. Б. Т. САЙРАМБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СИНТАКСИСІ	15
Смағұлова Г. ТАЛҒАТ САЙРАМБАЙҰЛЫ: КЕМЕЛДІК ПЕН КЕҢДІК	18
Тасымов А. ПРОФЕССОР Т. САЙРАМБАЕВ - ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ СИНТАКСИС САЛАСЫНЫҢ БІЛГІРІ.....	21
Ермекова Т. Н. СИНТАКСИСТІК ЖҮЙЕНІ ТҮТАСТЫРА ЗЕРТТЕУШІ ТҮЛҒА	23
Әлісжан С. Қ. ПРОФЕССОР Т.САЙРАМБАЕВ ЖӘНЕ СӨЗ ТІРКЕСІ СИНТАКСИСІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	25
Елеуова А. С. ПРОФЕССОР Т.САЙРАМБАЕВТЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ СИНТАКСИСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	29
Төлеу М. М. Т. САЙРАМБАЕВТЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІ МЕН СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	31
Жылқыбай Г. Т.САЙРАМБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІ ТЕОРИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ҮСТАНЫМЫ	34
Қарабаева Х. Ә. ПРОФЕССОР Т. САЙРАМБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	39
Әтебеков С. СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ Т.САЙРАМБАЕВТЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖАЙЫНДА.....	42

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІ

Абдрахманова Ж. Ә. ТҮРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ПЛЕОНАЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ.....	46
Аширова А. МЕНҒЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ	49
Ақымбек С. ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ТІРКЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	53
Күзекова З. С., Асылбаева М. А. САН ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨРІСІ ТУРАЛЫ	55
Таалаубек Abdıyev Doz.Dr. KIRGIZ DILINDE ETIRGEN VE ANLAMSAI QZELLIKLERI	58
Алдашова Н. С. ЕР МЕН ӘЙЕЛ ОБРАЗЫНА ҚАТЫСТЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢЕУЛЕР	61
Әубәкірова А. Е. НЕОНИМДЕРІНІҢ ӨМІРЛІК КЕЗЕҢДЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	65
Әлімтаева Л. ҚОЗҒАЛЫС АТАУЛАРЫ РЕТІНДЕГІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚҰРАМЫ	69
Байымбетова Р. КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҰМАЙ ЖӘНЕ ҚҰТ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ	73
Елікбаев Б. ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ-ТҮЛҒАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ СЫҢАРЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ МАҒЫНАЛЫҚ БАЙЛАНЫС	76
Есматова М. Т. ОРАЛХАН БӨКЕЙ ӨҢІГМELEPINDEГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ	80
Оданова С. А. КІРМЕ ТҮБІР СӨЗДЕРДІҢ ҮНЕМДЕЛУІ	85
Омарова Б. А. АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ЕСІМДІКТІ ЕСІМДІ СӨЙЛЕМДЕР	89
Отарбекова Ж. К. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МОРФОЛОГИЯСЫ МЕН СӨЗЖАСАМЫНДАҒЫ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІК МӘСЕЛЕСІ ЖАЙЫНДА	93
Өмірбекова Р. Қ. СИНТАКСИСТЕГІ ОРАЛЫМДАРДЫҢ ЕРЕКШЕ БІР ТҮРІ – ЕЛІКТЕУШТІ ЕСІМШЕЛІ ОРАЛЫМ ЖАЙЫНДА	96
Жұмағұлова А. Ж. ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА НЫСАНЫ – F. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ	99

Грамматика саласының даму процесіне назар аударған ғалым сөйлеу тіліндегі синтаксистің мәніне ерекше көңіл бөледі. Бала тілінің синтаксисіне, алғашқы сөйлеу жүйесіндегі ойдың, пікірдің берілуіндегі синтаксистің маңызына тоқталады. Егер белгілі интонацияға ие болса, жеке сөздердің сөйлем болуы мүмкін деген ой айтады. Мұндай ғылыми пікірлер қазақ синтаксисінің болашақта дамуына қатысты айтылған бастамалар деуге толық негіз бар.

Қорыта айтқанда, қазақ синтаксисінің зерттелуіне профессор Т. Сайрамбаев өзіндік үлкен үлес қосқан ғалым. Оның еңбектерін қай-

талай оқығанда, қазақ тіліндегі сөз тіркесін зерттеуде қандай ғылыми тұжырымға қол жеткізілді, болашақта қандай бағытта ізденуге болар еді деген сұрақтардың біразына жауап ала аласыз. Жастардан көмегін аямайтын, сол жасаған көмегін «өзгелердей» сатпайтын жақсы аға биыл 75-ке шығар еді... Артына өлмес мұра қалдырған профессор Т. Сайрамбаев есімі әлі талай ғылыми еңбектерде жазыларына, айтыларына сенім кәміл.

1. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. Алматы, 2010. 29-бет

2. Соссюр Ф. Де. Курс общей лингвистики. М., 1933.

**Салкинбай Анар Бекмырзаевна
Т. САЙРАМБАЕВ И КАЗАХСКИЙ СИНТАКСИС**

В статье анализируются труды профессора Т. Сайрамбаева, посвященные теории словосочетаний в казахском языке.

**Salkinbai Anar Bekmyrzaevna
T. SAYRAMBAEV AND KAZAKH SYNTAX**

The article analyzes the work of Professor T. Sayrambaev devoted to theories of phrase in the Kazakh language.

Гүлдархан Смағұлова,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Smagulova.g@mail.ru

ТАЛҒАТ САЙРАМБАЙҰЛЫ: КЕМЕЛДІК ПЕН КЕҢДІК

Профессор Талғат Сайрамбайұлымен Ұлттық университеттің қабырғасында, филология факультетінде әріптес әрі ағалы-қарындас болып еңбек еткенімізге 40 жылға жуық уақыт өтіпті.

Қазақ тіл білімінің дамуына үлес қосқан, әсіресе, синтаксис саласында өнімді зерттеулер жүргізген және Қазақстан ғылымына көптеген шәкірт ғалымдарды дайындаған ғалым Аға туралы 75 жас мерейтойы күні өз жадымызда қалған ғибратты сәттерді бөліскеніміз жөн болар.

Әр кезеңде ұрпақ ауысқан сайын алдыңғы толқын ағалардың ғұмыр мен ғылымдағы іздері, айтқан ақыл-нұсқалары кейінгілерге үлгі, өнеге болып жаңғырып отырады. Мәселе - оны жеткізушілер мен тыңдаушылардың арасындағы өзара ықпалдастықтың болуы және әсерлі әңгіменің нәтижеге бағытталуы.

Біздің де білім іздеген тұстағы шәкірттік жылдарымызда, жас ұстаз ретінде дәрісхана есігін имене ашып, алғашқы сабақтарды бастағанымызда демеу беретін, жебеп жіберетін

әріптес ағаларымыз болды. Жастықтың ерекшелігі ғой, кейде бір нәрсені артығырақ біліп, бұрынырақ айтып қалсақ, соған астамсып, шікірейіп қалатынбыз. Сонда Тәкең сияқты ағаларымыз шын пейілдерімен, риза кейіппен, «е, сөйткендерің дұрыс, сендер жассыңдар ғой, сендер білмегенде кім біледі» деп тіпті желпіндіріп жібереді. Ол кезде олардың өздері соншалықты қартайып отырған жоқ, керісінше кітапханаға бізден бұрын барып, бізден бұрын тіл біліміндегі «жаңа дүниелерді» игеріп жүретін.

Ұлттық университеттің филология факультетінде өзіміз дәріс алған ғылымдағы заңғар тау ағалар бейнелері алыстаған сайын, биіктеп барады. «Ағалар» деп әр ойымызды бекер тұздықтап отырған жоқпыз.

Қазақ филологиясы кафедрасында бізге дәріс оқыған Мархабат Томанұлы, Хасан Кәрімұлы, Мырзатай Серғалиұлынан бастап, күні кешеге дейін әріптес болған Ағалар – Айтбай Айғабылұлы, Сапархан Мырзабек, Талғат